


Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:13.03.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Диктант "Көктем"		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>1.Оқушылардың зат есім,етістік туралы алған білімдерін қорытындылау мақсатында диктант алынады .Оқушылардың білімдері тексеріледі.</p> <p>2.Оқушылардың сауаттылығы,қатесіз жазу дағдылары дамытылады.</p> <p>3.Ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі:білімдерін тексеру.</p> <p>Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,жазбаша жұмыс</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқыңды, Шеңберге тұр, – деп баршанды</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексер</p> <p>- Зат есім дегеніміз не? - Зат есімге қандай сұрақтар қойылады? - Жалқы есім дегеніміз не? Мысал келтір. - Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір -Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не? -Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не? -Етістік дегеніміз не?</p> <p>*Диктантқа дайындық</p> <p>-Сөйлем қалай жазылады? -Сөйлем аяқталған соң қандай тыныс белгілері қойылады?</p> <p>*Сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.</p> <p>-Бүгін диктант жазамыз.</p>		
Мағынаны тану	<p>*Мәтінмен жұмыс.</p> <p>1. Мәтінмен таныстыру.</p> <p style="text-align: center;">Көктем</p> <p>Көктем келді. Қыраттың күн беткейіндегі қар ери бастады. Оңтүстіктен жылы жел соқты.Аспанды бұлт торлады. Жаңбыр жиі жауа бастады. Өзенде сең жүрді.</p> <p>Жер бетінен ақшыл бу көтерілді.Әр жерден көк шөп көрінді.Ағаш бұтақтарында бүршіктер пайда болды.</p> <p>2.Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>3.Тапсырма:</p> <p>1.Мәтіннен зат есімдерді,етістіктерді тапқызып,астын сызғызу.</p> <p>2.Көктем,жаңбыр сөздеріне дыбыстық талдау жасату.</p>		
Сергіту сәті	<p>Біз жазамыз,жазамыз, Саусақтарымыз талғанша. Дем аламыз,бой жазамыз, Қайта жазу жазамыз.</p>		
Ой толғаныс	Тест тапсырмаларын орындау.		
Үйге тапсырма	Қайталау.		
Бағалау	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау		
Кері байланыс			

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:14.03.2016	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.						
Сабақтың атауы	Сын есім								
Мақсаты	<p>Білімділік: сын есім туралы білімдері тиянақталады; сөйлемнен, мәтіннен сын есімді табу дағдысы жетілдіріледі; сын есімнің зат есіммен байланысын анықтайды.</p> <p>Дамытушылық: лексикалық білім, білік, дағдылары арттырылады; ой - өрісі, танымы дамытылады.</p> <p>Тәрбиелік: ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі: қайталау сабақ</p> <p>Әдіс - тәсілдері: сұрақ - жауап, дидактикалық ойындар, түсіндіру.</p>								
Психологиялық ахуал	<p>Бір – таңертең тұр</p> <p>Екі – шынығып бекі</p> <p>Үш – тазала тіс</p> <p>Төрт – сабындап жу бет</p> <p>Бес – сүртін тез</p> <p>Алты – үйді жина</p> <p>Жеті – киін енді</p>								
Қызығушылықты ояту	<p>*Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>-«Ыстық орындық» тәсілі аясында оқушылар бір - біріне сұрақ қою арқылы тақырыпты жан - жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойланып жауап береді. Бір- біріне сұрақ қояды.</p> <p>-416-жаттығу тексеріледі.</p> <p>*Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</p> <p>- Бүгін ,сын есім жайында алған білімдерімізді ары қарай жалғастырамыз.</p>								
Мағынаны тану	<p>*Жаңа сабақ</p> <p>1.Электрондық оқулықтан сын есім туралы тыңдап, тапсырмаларын орындайды.</p> <p>2.Кестемен жұмыс.</p> <p>3.Ереже:</p> <p><i>Заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сөздерді сын есім дейміз. Сын есімдерге қандай? қай? деген сұрақтар қойылады: көк, әдемі, тәтті, жақсы, үлкен.</i></p> <p>4. Оқулықпен жұмыс.</p> <p>417-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз. Оларға сұрақ қой.</p> <p>418-жаттығу. Сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып жаз.</p> <p>Жуас ат, таза бөлме, биік тау, сұйық көже, жүйрік құлын, ұзын жол.</p>								
Сергіту сәті	<p>Ұзын құлақ, сұр қоян</p> <p>Естіп қалып сыбдырды,</p> <p>Ойлы-қырлы жерлермен</p> <p>Ытқып-ытқып жүгірді.</p>								
Ой толғаныс	<p>419-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра. Шешуі: қалың</p> <p><i>Айша дүкеннен қалың дәптер сатып алды.</i></p> <p>420-жаттығу. Берілген сөздердің сын есім екенін дәлелде.</p> <p><i>Адал, жіңішке, кең, семіз.</i></p> <p>Семантикалық карта</p> <table border="1" data-bbox="550 1921 1481 2000"> <tr> <td>Сын есім</td> <td>Сұрақтары</td> <td>Мысал келтір</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>			Сын есім	Сұрақтары	Мысал келтір			
Сын есім	Сұрақтары	Мысал келтір							



Үйге тапсырма	421-жаттығу,150-бет
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
Кері байланыс	